КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 16 қаңтар №4360-24-00-2/3542 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «АлиБатыр» атауымен әрекет етуші Шохан Амангелдиевич Назаров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «АлиБатыр» атауымен әрекет етуші Шохан Амангелдиевич Назаровты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «АлиБатыр» атауымен әрекет етуші Шохан Амангелдиевич Назаров шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «АлиБатыр» атауымен әрекет етуші Шохан Амангелдиевич Назаровтан мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 19.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.02.2025, судья Еламанов Н. Б., 10.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 19.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.02.2025, судья Еламанов Н. Б., 10.03.2025

4360-24-3-1/3699